

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



«БЕКІТЕМІН»

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры Қ.М.Баймырзаев
«23» қыркүйек 2014 ж.

ОҚУ ҮДЕРІСІНЕ ЖӘНЕ САПАСЫН БАҒАЛАУҒА ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІ
ҚАТЫСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

П ҚМПИ -08

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	П ҚМПИ-08	Бірінші	Н.Ю. Кифик	М.Ә.Төлеген	Б.Б.Калыржа- нова

Қостанай 2013 ж.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	23.12.2014 ж.	Бірінші басылым
Оқу үдерісіне және сапасын бағалауға жұмыс берушілерді қатыстыру туралы ереже	П ҚМПИ -08	4 беттің 2 беті

1. Қолдану аймағы

1. «Оқу үдерісіне және сапасын бағалауға жұмыс берушілерді қатыстыру туралы ереже», одан әрі «Ереже» профессор-оқытушылар құрамының жұмысын, студенттердің және жұмыс берушілердің бірлесіп қызмет істеу жұмыстарын реттейді.

2. Нормативті сілтемелер

- 1.1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 27 шілде 2007 ж.
- 1.2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министірлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген кредиттік технология бойынша оқыту үдерісін ұйымдастыру ережелері.
- 1.3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген ҚР МЖМББС Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты.
- 1.4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 Қаулысымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелері қызметінің типтік ережелері.

3. Жалпы ережелер.

- 1.5. Оқу үдерісіне және сапасын бағалауға жұмыс берушілерді қатыстыру-Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының бітіруші тұлғаларының бәсекеге қабілеттіліктерін және мамандарды даярлау сапасын арттыруда маңызды міндеттер атқарады.
- 1.6. Жұмыс берушілер мен Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының арасындағы ынтымақтастықтың **ортақ мақсаттары**:
 1. Институттың меңгертетін біліміне және бітірушілерді даярлау сапасына баға беру жүйесін бірлесіп зерттеу.
 2. Кәсіп, мамандық және кәсіптік білім бағыты бойынша даярлауда қарым-қатынас орнату арқылы арқылы білім беруді қамтамасыз ету.
 3. Бітіруші тұлғалардың кәсіптік құзыреттілік талаптарын бірлесіп әзірлеу.
- 3.3 Жұмыс берушілер мен педагогикалық институттың арасындағы ынтымақтастықтың **ортақ міндеттері**:

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	23.12.201 4 ж.	Бірінші басылы м
Оқу үдерісіне және сапасын бағалауға жұмыс берушілерді қатыстыру туралы ереже	П ҚМПИ -08	4 беттің 3 беті

1. Кәсібі, мамандығы және даярлау бағыты бойынша жұмыс берушіге маңызы бар орта және орта оқу орындарының бітіруші тұлғаларын педагогикалық институтқа оқуға шақыру.

2. Студенттерді оқу және өндірістік практикадан өтуге, содан кейін жұмыс берушінің ұйымына (кәсіпорнына) жұмысқа орналасуға бағдарлау.

3. Студенттердің дайындық сапасын көтеру үшін дайындық бағыты мен мамандығы бойынша ұйым жұмыс берушісінің қызметтік саласына сәйкес, материалды-техникалық, оқу – әдістемелік және кадрлық шарттарды құруды қамтамасыз ету.

4. Екі тарапқа да бағыттардың өзектілігі бойынша бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

4. ҚМПИ мен жұмыс берушілердің негізгі бағыттары

4.1. ҚМПИ мен жұмыс берушілердің негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыру мен жинақтауда мамандық бойынша және дайындық бағыты келесі негізгі бағыттар бойынша іске асырылады:

1) жұмыс беруші өкілдердің оқу үдерісінің сапасы мен ұйымдастыруын бағалауға қатысуы

2) оқу – әдістемелік құжаттаманы жинақтау және пікір алмасу

3) тұлғалардың дайындық сапасын қамтамасыз ету бойынша стратегияны құруға қатысу

4) негізгі білім беру бағдарламаларын сараптау (негізгі кәсіби білім беру бағдарламалары)

5) білім беру бағдарламаларына қосымша біліктілік енгізуді қарастыру

6) студенттерге жұмыс орындарында тәжірибе өту және ғылыми зерттеу жұмыстарын өткізуде практикалық оқыту

7) студенттердің жұмыс орындарындағы тәжірибе барысында мамандық бойынша орындалатын кәсіби қызмет түрлерінің меңгертілген біліктілігіне сәйкестігін анықтау

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	23.12.201 4 ж.	Бірінші басылы м
Оқу үдерісіне және сапасын бағалауға жұмыс берушілердің қатыстыру туралы ереже	П ҚМПИ -08	4 беттің 4 беті

8) жұмыс беруші өкілдердің студенттер үшін оқу сабақтарын, оның ішінде дәріс курстарын, семинарлар, зертханалық жұмыстарды, шеберлік класстарын, іскерлік ойындарды, практикумдарды өткізуі

9) жұмыс берушілердің сұранысы бойынша бағдарлы жұмыстар мен курстық жұмыстар (жобаларын) дайындау

10) білім алушылардың құзыреттіліктерін бақылау және бағалау мақсатында аралық аттестаттау өткізу барысында жұмыс берушілерді (қызығушылық танытқан ұйым өкілдерін) ішкі сарапшы ретінде тарту.

11. түлектердің мемлекеттік қорытынды аттестаттауына жұмыс берушілердің қатысуы;

12. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында жұмыс беруші өкілдерінің біліктілігін арттыруы (аталмыш қызмет бар болған жағдайда)

13. жұмыс беруші өкілдерінің ғылыми-практикалық конференцияларға, ғылыми семинарларға қатысуы

14. бірлескен ғылыми зерттеулер мен жобаларды т.б. өткізуі

15. түлектерді жұмыспен қамту

16. жұмыс беруші ұйым өкілдерінің негізгі білім беру бағдарламалар сапасын іске асырудағы өзін-өзі тексеру процедурасына қатысуы (негізгі кәсіби білім беру бағдарламалары)

17. негізгі білім беру бағдарламаларын жетілдіру мен үйлестіру мақсатында бітіруші түлектердің білімдерін қалыптастыру деңгейі туралы ақпарат алу үшін институттың жұмыс берушілермен байланыс орнатуы.